



Хош келдің, аз-Наурыз!

Alhan Bókeihan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTÓGAI AJARY

Aqtogai aýdandyq qoǵamdyq-saiası basylym

№10-11 (7848)

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

Жұма
18 наурыз
2022 жыл

Ақорда

Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

Қымбатты отандастар!
Қадірлі қауым!

Бүгінгі Жолдаудың маңызы айрықша. Оның арқалайтын жүгі бір жылмен шектелмейді, ауқымы кең, мазмұны да бөлек. Біз алдымызға биік мақсаттар қойып отырмыз. Өздеріңізбен бірге Жаңа Қазақстанды құруға кірістік. Баршаңызға мәлім, былтыр егемендіктің маңызды белесіне жеттік. Тарихи өлшеммен қарағанда 30 жыл тым көп уақыт емес. Халқымыз Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен осы кезеңде ауқымды жұмыс атқарды, көптеген табыстарға қол жеткізді. Алайда, береке-бірлігімізді сақтамасак, жетістіктеріміздің бәрінен айырылып қалуымыз мүмкін. Қантардағы дүрбелен кезінде бұған көзіміз анық жетті. Бұл оқиғалар бүкіл қоғамды дүр сілкіндірді. Халқымыз бұрын-соңды болмаған қауіп-қатермен бетпе-бет келді. Мемлекетіміздің

жандардың аруағын сыйламау деген сөз.

Бірнеше жүз аламың үстінен қылмыстық іс қозғалды. Біз құқық қорғау органдарының қызметкерлері ұсталған адамдарды тергеу барысында тыйым салынған тәсілдерді қолданғаны, тіпті оларды азаптағаны туралы фактілер болғанын ашық айттық. Орта ғасырлардан қалған осындай жабайылық кез-келген өркениетті қоғамның қағидаттарына қайшы келеді. Бұл біз үшін де мүлде жат қылық. Мұндай сорақы оқиғалар болғаны жайлы айтыла бастаған сәтте-ақ, мен оны мүлдем тексеруді тапсырдым.

Сонымен бірге Адам құқықтары жөніндегі уәкіл алғашқы күндерден жұмысқа белсене араласты. Құқық қорғаумен айналысатын азаматтар мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері оқшаулау орындарына кедергісіз кіріп, қантар оқиғасына қатысушылардың қамаудағы жай-күйімен танысты, олардың шағымдарын қарады.



тұтастығына және егемендігімізге зор қауіп төнді. Осы күндерде жұртымыз Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезінді. Тағулық пен тұрақтылық, тыныштық пен бейбітшілік қаншалықты маңызды екенін жете түсінді. Біз мызғымас бірліктің арқасында мемлекетімізді қорғап қалдық. Уақтылы және батыл шешім қабылдап, лаңкестерге тойтарыс бердік.

Мен қашанда бәрін ашық айтып жүрмін. Индет кезінде қалыптасқан ахуал жөнінде жұртшылыққа үнемі ақпарат беріп отырдым. Кешегі қатерлі күндерде Мемлекет басшысы ретінде халыққа арнап бірнеше үндеу жасадым. Барлық жағдайды азаматтарымызға жан-жақты түсіндіріп, жеткіздім. Өзбір шешімді еліміздің мүддесіне сай қабылдадым. Бұл – мен үшін бұлқымас ұстаным. Екіншіше қарай, бүлікшілердің, қарақшылардың, лаңкестердің кесірінен қаншама азаматымыз қаза болды. Мен қара жамылған отбасылардың қайғысына ортақтасып, тағы да көңіл айтамын. Біз мұндай жағдай енді ешқашан қайталанбауы үшін бәрін жасаймыз. Қазаққа «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» деген сөз бар. Біздің парызымыз – қанды қылмыс жасалғанын ұмытпай, барлық содырлар мен лаңкестерді жазаға тарту. Халқымыз осы оқиғадан сабақ ала білуі керек. Елдің тыныштығын бұзып, қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін әрекетке ешқашан жол бермеуге тиісіз. Ашығын айтсақ, қазір қоғамда түрлі қауесет тарауда. Бұл ахуал жалған түсінік қалыптастырып, елді адастырады. Сондықтан өткен оқиғалар туралы нақты мәліметті жариялап, оған баға беру өте маңызды. Тіпті, қасиетті парызымыз деуге болады. Жұрт оның астарына үніліп, себебін терең түсінуі қажет. Күні кеше ғана Парламент қабырғасында арнайы тыңдау өтті. Онда құқық қорғау органдары тергеу қорытындылары туралы толық есеп берді. Тұрасын айтқанда, мұндай кең ауқымды талқылау ешқашан болмаған. Депутаттарға және бұқаралық ақпарат құралдарына бәрі ашық айтылды. Қоғамды мазалаған сұрақтарға жауап берілді. Бұл қаңтар оқиғасына әділ баға беруге, ең алдымен, биліктің мүдделі екенін көрсетеді. Мен мұны толық қолдаймын, біз ақиқатты айтуымыз керек. Бұл – менің жеке қағидатым. Қазір тергеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы мәселемен арнайы Мекемеаралық шұғыл тергеу тобы айналысуда. Құқық қорғау органдарына жасалып жатқан жұмыс нәтижесін үнемі жариялап отыруды тапсырамын.

Қасіретті қаңтар оқиғалары мен одан кейінгі төтенше жағдай кезінде түрлі құқық бұзушылықтар жасағаны үшін екі мыңға жуық адам ұсталды. Мен сол кезде Бас прокуратураға олардың қандай кінәсі барын анықтауды және ауыр қылмысы болмаса, жазасын жеңілдетуді тапсырдым. Соның нәтижесінде көптеген азаматтар қамаудан босатылды.

Ал, нағыз қылмыс жасаған адамдар заң алдында толығымен жауап береді. Басқаша әрекет ету, яғни, қосақ арасында бедел жинау үшін байбалам салып жүргендер мен арандатушыларға жеңілдік жасау – жазықсыз құрбан болған

Омбудсмен және беделді заңгерлер жетекшілік ететін тәуелсіз қоғамдық комиссиялар прокуратура органдарымен тығыз жұмыс істеді, пікірлерін ашық айтып, өз ұстанымдарын қорғады. Мұндай жұмыс тәсілі тергеу үдерісінің ашық және демократиялы екенін көрсетті, әрбір өтініш пен арыз-шағымды жеке-жеке қарауға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде заңға қайшы үкім шығару ықтималдығы едәуір азайды.

Азаматтық қоғам мен құзырлы органдар осылай ашық ынтымақтастық орнататын тәжірибе біздің елімізде берік орнығуға тиіс.

Осы мүмкіндікті пайдаланып, қоғам белсенділері мен заңгерлерге азаматтық ұстанымы және биліктілігі үшін ризашылығымызды білдіремін.

Қазір алдын-ала қорытындылар дайын. Біз теріс пиғыллы адамдардың мемлекеттік төңкеріс жасамақ болғанын нақты білеміз. Осы ретте, бүлікшілер не үшін мұндай қаламақ барды деген сұрақ туындайды. Жауабы – айдан анық.

Соңғы жылдары біз Қазақстанды түбегейлі жаңғыртуға, трансформациялауға көштік. Түрлі салада ауқымды өзгерістер басталды. Бұл кейбір ықпалды адамдарға ұнамады. Олар жылдар бойғы зансыз әрекеттерін одан әрі жалғастыра беруді көздеді. Негізгі ұжым жоғары билікке ие болуды көкседі. Сол үшін кәнігі қылмыскерлер, қарулы бандылар мен опасыз шенеуніктер бірігіп, астыртын топ құрды.

Ішкі және сыртқы жауларымыз өзара ымыраласып, билікті басып алғысы келді. Олар халықтың наразылық шеруін басқа арнаға бұрып, жұртты қасақана арандатты. Лаңкестер мемлекеттік органдарға, стратегиялық нысандар мен бизнеске тиесілі ғимараттарға шабуыл жасады. Билікке күйе жағу үшін бейбіт тұрғындарға оқ атты.

Осының бәрін шетелдегі радикалды күштер өз мақсатына пайдаланғысы келді. Олар Қазақстанды қақтығыс алаңына айналдырып, елге ойран салмақ болды. Бейбіт өміріміздің тас-талқанын шығаруды жоспарлады. Президентті биліктен кетіргісі келді.

Шын мәнінде, бұл мемлекеттілігімізге төнген аса қауіпті сын-қатер болды. Бірақ, қастандық жасаушылардың арам пиғылы іске аспады. Мен ең қиын сәтте, қандай жағдай болса да, ақырына дейін халқымызмен бірге боламын деп ашық айттым.

Бабаларымыз «Іштен шыққан жау жаман» деп бекер айтпаған.

Төңкеріс жасауға ұмтылғандардың арасында белгілі адамдар болды.

Жоғары лауазым иелері мемлекетке сатқындық жасады. Опасыздардың ішінде әскери және арнаулы органдардың басшылары да бар. Олар Күштік құрылымдардың заңға сәйкес қимылдауына кедергі келтірді. Мемлекет басшылығына қалалардағы ахуал туралы жалған ақпарат берді. Тіпті, арнайы үкіметтік және басқа да байланыс

(Жалғасы 4-бетте). ➡

Құрметті Ақтоғай ауданының тұрғындары! Құрметті жерлестер!

Сіздерді ежелден жаңару мен жаңғырудың белгісі ретінде тойланып келе жатқан Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Наурыз мерекесі баршамызға құт-береке, баянды бақыт әкелсін!

Тарихи тамыры тереңге бойлаған аз-Наурыз дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келген. Қазақстан халқы үшін Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ұлы мереке. Наурыз – көктемгі жаңарудың, махаббаттың, ақ пейіл мен татулықтың мерекесі. Ол – өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең.

Жақсылық пен жарастықтан, мейірбандылық пен парасаттан бастау алар Наурыз мейрамы әр шаңыраққа мол қуаныш пен шаттық әкелсін. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз. Барлық жақсы істеріңіз бен ізгі бастамаларыңыз сәтті басталып, табыспен аяқталсын. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Аудан әкімі
С.Әбеуова

Аудандық мәслихат
хатшысы Р.Әбеуов



НАУРЫЗ-БАТА



Ақтоғай ауданы, Абай ауылдық округінің тұрғыны Дүйсенбаев Әділбай ақсақал барша қауымына Ұлыстың ұлы күні ақ батасын арнады.

Өркендеудің өрін бер!
Өз-Наурыз – Жаңа жылымен.
Жаңа жылым – жаңа күнім!
Барша жұртты шаттандырып,
Шарықтаған көңіл бер!

Жан бітіріп табиғатқа,
Тіршілікке шеру бер!
Су сіміріп, жер бусанып,
Қаулап өскен көгін бер.
Сай сылдырап, өзен тасып,
Аппақ айдын көлін бер!
Бетегесі белден болып,
Көк балауса көлдері,
Шабындығын шөлін бер!
Төскей толы төрт түлікке,
Қора толы төлін бер.
Алтындайын сары бидай,
Толқып өскен егін бер!
Еміреніп жердің төсін,
Астығын бер, өнім бер!
Елім өсіп, алға басып,
Өркендеудің өрін бер!
Үздік деген әлемдегі,
Отыз елдің ортасынан
Ойып тұрып орын бер!
Әумин!

АҚТОҒАЙ – АУҚЫМДЫ ЖОСПАР АЛАҢЫ

ауданда жол жөнделіп, тұрғын үй құрылысы қарқын алмақ

Кеше облыс әкімі Жеңіс ҚАСЫМБЕК жұмыс сапарымен Ақтоғай ауданына келді. Аймақ басшысы аудан тұрғындарымен кездесіп, азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдады.

Кездесудің басында сөз алған аймақ басшысы алдымен жағымды жаңалығымен бөлісті.

– Ақтоғай ауданы бойынша алдымызда сапалы ауыз су, тұрақты электр жарығы, тұрғын үй құрылысы

бағытындағы Ақтоғай мен Ақсу-Аюлы аралығындағы 100 шақырымдық жолдың жөндеу жұмысына көмек берсеңіз. Қымбатшылық күннен-күнге өршіп барады. Бағаны тұрақтандыру қолға алынса, – деп көптің көкейінде жүрген шетін мәселелерді алға тартты.

Облыс басшысы аталған мәселелерді шешу жолында тиісті жұмыстар қолға алынғанын айтты.

– Осы электр энергиясына қатысты мәселе

тұрғыны.

Өз кезегінде Жеңіс Қасымбек Шашубай кентінде абаттандыру жұмыстары жүргізілетінін, осы жылы 100 пәтер пайдалануға берілетінін, бұл мақсатта 1 млрд. теңге инвестиция тартылғанын алға тартты.

– Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаты Н.Мангишев Шашубай кентінің коммуналдық саласына қатысты ұсыныс айтты.

– Шашубай кентінің ауыз су, кәріз желісі мен жылу беру қызметі Балқаш қаласына берілсе, кенттегі қызмет көрсету сапасы жақсарар еді, – деді депутат.

Облыс әкімі бұл мәселе біраз дайындықты қажет ететінін айтты.

– Балқаш қаласы әзір дайын емес. Жақында Шашубай кентіне жұмыс сапарымен барамыз. Сол кезде Балқаш қаласының әкімі де қатысатын болады. Бұл мәселенің біржақты шешілуіне жұмыс жасаймыз. Екі жылдың көлемінде шешімін табады, – деді әкім.

Сарышаған кентіндегі кезек күттірмес мәселелер де осы жиында көтерілді.

– Сарышаған кентіндегі бес қабатты үй – апаттық жағдайда. Тұрғын үй құрылысын жандандыру қажет. Сонымен қатар, жастарымыздың салауатты өмір салтын ұстанулары үшін кентке спорт кешені қажет. Көшелер асфальтталып, жарық шамдары қойылуын халық күтіп отыр, – деді Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаты Б.Қалақбасов.

Аймақ басшысы Сарышаған кенті назардан тыс қалмайтынын жеткізді.



төңірегінде және ауылға жас мамандар бағыттау секілді ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Көптен бері тұрғындар тарапынан айтылып жүрген Ақтоғай-Балқаш, Ақтоғай-Қарағанды бағытындағы тас жол мен ауылшілік жолдарға биылғы жылы 1 миллиард теңге қарастырып отырмыз, – деді Жеңіс Махмұдұлы. Бұдан кейін облыс басшысы жиналғандармен бірге Ақтоғай ауданының әкімі Салтанат Әбеуованың есебін тыңдады.

Салтанат Мірәсілқызы былтыр ауданда мемлекеттік бағдарламаларға сай атқарылған жұмыс барысы мен ауданның әлеуметтік-экономикалық даму динамикасына тоқталды. Аудан әкімінің айтысына қарасақ, ауданда мал басының өсімі бар. Сондай-ақ, аудан бойынша тұрғын үй құрылысы жанданып, абаттандыру жұмыстары да жақсы қарқын алған.

Аудан әкімінің есебінен соң Жеңіс Қасымбек аудан тұрғындарының сұрақ-сауалдарына кезек берді.

облысымыздың төрт ауданында болды. Ақтоғайдан өзге аудандарда бұл проблема шешімін тапты. Енді Ақтоғай ауданының мәселесін шешеміз деп отырмыз. Ақтоғай-Шет ауданы аралығындағы жолдың жөндеу жұмысына осы жылы 700 млн. теңге қаржы бөліп отырмыз. Бұл қатып қалған сома емес,



– Биыл кенттегі тоғыз көшенің жолы мен жарығы қолға алынады. Тұрғын үй мәселесін қосымша қараймыз. Күрделі жөндеу жүргізіледі. Дене шынықтыру-спорт кешені құжаты жасалып біткен кезде, қаржы бөлеміз, – деп жауап беріп, көптің көңілін орнықтырды.

Сол секілді тұрғындар тарапынан Балқаш қаласында шаруа қожалықтары мал өнімдерін саудалайтын арнайы орын ашу, пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару, Қызылорда өңірінде туризмді дамыту, Ақтоғай-Қызылорда ауылының көтерме жолын асфальттау, Айыртас ауылына ұялы байланыс орнату, көмір тапшылығын жою сынды мәселелер көтерілді. Облыс әкімі барлық сұрақтар мен өтініш-тілектерді мұқият тыңдап, қанағаттанарлық жауап қайтарды.

Кездесу соңында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов ел атынан ойын білдірді.

– Аудан көлемінде түйін тарқатылмаған мәселе баршылық. Десе де, түнілмейік. Елдің ертеңіне үмітпен қарап, сабыр сақтайық. Атқа мінген азаматтардың мінін ғана термей, жақсы ісін де көрейік, – деген бәтуалы сөзін ортаға салды.

Кездесуден кейін Жеңіс Қасымбек ауыл тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Мүсіркеп СЕЙДАХМЕТ,
«Ortalıq Qazaqstan» газетінен.

Суреттерді түсірген
Руслан ҚАЛИЕВ.



Бірінші болып аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов сөз алды.

– Ақтоғайлықтардың бүгінгі күнгі ең өзекті, ең өткір тұрған мәселесі – электр жарығы. Бұл проблема айтылғалы да аз уақыт болған жоқ. Жеңіс Махмұдұлы, осы мәселенің шешімі тікелей сізге тіреліп тұр. Өзіңізге белгілі, біздің ауданға пойыз жүрмейді, ұшақ ұшпайды. Біздің қаламен байланысымыз – тек, тас жол. Сондықтан, сізге айтар өтініш-тілегіміз – Қарағанды

алдағы уақытта тағы қосымша қаржы қарастырамыз. Иә, қымбатшылық тұтас елімізде шырқап тұр. Бізге халық тұтынатын тауардың негізгі бөлігі сырттан келеді. Соған сәйкес нарық бағасын ырықтау қиынға соғып тұр, – деп бұл тақсыз нақты жауабын берді әкім.

Шашубай кентінің тұрғыны Д.Кәріпбаева кенттегі бес үйлердің тағдырына алаңдаушылық білдірді.

– Қараусыз, қаңырап тұрған көпқабатты үйлерді қалпына келтіру жұмысы қолға алына ма? – деді кент

Нәзікжандылар құрметке бөленді

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай аудан әкімі С.Әбеуова бір топ аналарды қабылдап, сый-құрмет көрсетті. Ол өз сөзінде адамзат баласына өмір сыйлаған аналардың, соның ішінде бүгінгі таңда қыз-келіншектердің мемлекеттік және қоғамдық істерге белсене араласып, түрлі салада табысты еңбек етіп, ер азаматтармен бірдей мемлекеттік мекемелерде, заң шығарушы органдарда, кәсіпорындар мен қоғамдық мекемелерде қызмет атқарып келе жатқандығын айтты.

Жиын барысында аудан басшысы аналарды мерекемен құттықтай отырып, ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес көпбалалы аналар – Сарытерек ауылдық округінің тұрғыны Ғ.Балқашбекқызын «Алтын алқа», Жидебай ауылдық округінің тұрғыны Г.Асылбекова және Ақтоғай ауылының тұрғыны Б.Жанатты «Күміс алқа» төсбелгісімен марапаттады.

Сондай-ақ, зейнеткер З.Әзімбекова мен аудандық «Аққыз» балабақшасының директоры



Л.Қақабаеваға Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасын табыстады. Жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов аналарға құттықтау тілегін білдірді.

Мерекелік қабылдау аудандық «Тоқырауын толқыны» халықтық ән-би ансамблі өнерпаздарының ән-шашуына ұласып, аналарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Сонымен қатар, Халықаралық әйелдер мейрамына орай аудан әкімі С.Әбеуова Сарышаған және Шашубай кентіне барып, ардақты аналарымызды мерекемен құттықтап, ресми қабылдау өткізді.

Думан ҚАБЫЛ.



Аналар мерекесіне орай аудандық мәдени-бос уақыт өткізу орталығының ұйымдастыруымен Шашубай мәдениет үйінде «Жақсы келін – ырысың» тақырыбында

қазақ келіні қай кезден де отбасының берекесін келтіп, татулығын бекемдей білген. Әр үйдің өнерлі келіндері өздерінің шыққан тегі мен түскен шаңырағынан мағлұмат беріп таныстырған болса, өнер сайысында өздерінің өнерлерін ортаға салды. Қазақы дастарқанын жайнатып, салт-дәстүрге қатысты сұрақтарға асқан шеберлікпен мүдірмей жауап берді.

Жан-жақты дайындығымен келген келіндер сайыста өздерінің ерекшеліктерімен танылып, көптің көңілінен шықты. Сайыс қорытындысы бойынша Қусақ ауылдық

«Келіні жақсы үйдің керегесі – алтын»



келіндер сайысы өтті. Сайысқа отбасының көркін келтіріп, жан-жақтылығымен танылып жүрген келіндер қатысып, бақ сынады. Шара барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізілді.

«Келіні жақсы үйдің керегесі – алтын» демекші,

округінің тұрғыны Есенгелді келіні Жақыпбекова Арина жүлделі бірінші орынға ие болды. Сонымен бірге, сайыста ерекше өнерімен танылған нәзікжандылар, түрлі номинация бойынша марапатталды.

Д.Бақышев.

Ақтоғай аудандық мәслихаты 14 сессиясының №123 шешімі
Ақтоғай селосы 05.03.2022

Ақтоғай ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы заңына, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №69 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережесіне», Қоғамдық кеңесті құру жөніндегі жұмыс тобының ұсынысына және өткізілген конкурстың қорытындысына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ақтоғай ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамы 1 және 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
Аудандық мәслихат хатшысы Р.Абеуов.

Ақтоғай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 05 наурыздағы 14 сессиясының №123 шешіміне 1-қосымша

Ақтоғай ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамы

1. Абдрахманова Карлыгаш Гайниденқызы – Ақтоғай аудандық аурухананың бас есепшісі, Ақтоғай ауданының Аналар кеңесінің төрағасы
2. Алибаев Алтай Баймағанбетович – ауданның ішкі саясат бөлімінің басшысы
3. Бижамбеков Сейфолла Закенович – Жамбыл пайдалану вагон депосы, Сарышаған ТҚКП басшысы
4. Жумабаев Есентай Турагулович – зейнеткер
5. Жортаров Кайдар – зейнеткер
6. Естеков Шарип Курмашулы – зейнеткер
7. Керімбай Ерден Мәрленұлы – «Ақтоғай Су» ЖШС директоры
8. Капасов Ауелбек Капасулы – зейнеткер
9. Курушева Фарид Завикқызы – «Балқаш-Нан» ЖШС жабдықтаушы-қоймашы
10. Рысбеков Койшыбек Жакыпбекулы – зейнеткер
11. Тажибаев Жасулан Муратбекович - аудандық мәслихат аппаратының бөлім басшысы

Ақтоғай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 05 наурыздағы 14 сессиясының №123 шешіміне 2-қосымша

Ақтоғай ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамының резерв тізімі

1. Сеитханов Носергали Сейдығалиұлы – Ақтоғай пошта байланысы бөлімшесінің бастығы
2. Сәрсембеков Маратбек – зейнеткер

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Жыл басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев орталық атқарушы органдар басшылары мен әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізудің жаңа тәртібін бекіткен болатын. Енді әр деңгейдегі әкімдер халықпен тоқсан сайын есепті кездесу өткізеді.

Тұрғындар тілегі тындалды

«Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» ҚР Президентінің 3 наурыздағы Жарлығына сәйкес, бүгінгі таңда ауданға қарасты кент, ауылдық округтерде атқарушы биліктің халықпен жүздесулері өтуде. Күні кеше аудан әкімінің орынбасары Қайрат Қошантаев Тораңғалық, Шашубай елді мекендерінде болып, бұқара базынасына құлақ түрді. Жаңа жылдағы алғашқы үш



айдың қорытындысы туралы айтып, алда атқарылар жоспарлармен бөлісті. Өз кезегінде тұрғындар өзекті мәселелерін ортаға салып, талап-тілектерін жеткізді. Қойылған сұрақтар бойынша шешімді жауаптар беріліп, көтерілген түйінді түйтікідер бақылауға алынды. Сонымен қатар, аудан әкімінің орынбасары бұл күні жеке қабылдау өткізді.

Өз тілшімізден.



Күт күйып ауыл, қалама,

Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, Наурызнама қыламыз деп тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен. Абай.

Қайда атақты, асқан бай бар болса, Наурызнаманы сол байға қылдырады екен. Үйсін Төле билердің заманында Наурызнаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

«Мұсылман жұрттарына ортақ, жылына екі рет келетін Ораза, Құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз мейрам бар, ол – Наурыз. Қыс бойы ақ кебінің жамылып, өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірілуді кімнің болса да, көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағуынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақпан артық тілектес, қазақпан артық қуанатын ел жоқ деуге саяды. Міржақып Дулатов.

Ойшылдар орамы

«Наурыз – қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде һәр елде наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп, ауылдан-ауылға, үйден-үйге жүріп, кәрі-жас, қатын-қалаш бәрі де маз болып, көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді, құтты наурыздың қай айда, қай күні болуы хақында һәр түрлі сөйленеді. Біреулер наурыз марттың бірінде, екіншілері тоғызында келеді деседі, һәр жұрттың белгілі күнде жана жылы туады. Ескі жыл бігіп, жаңа жыл басталғанда: «Жаңа жыл қайырлы болсын! Жаңа бақыт кәсіп болсын!» деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді». Ахмет Байтұрсынұлы.

Қожа, молдалар ескі әдетті қалдырамыз деп, Құрбан, Ораза айттарын Ұлыс күні дегізіп, Ұлысты – Наурыз дегізген. Жыл басының аты Ұлыс екенінің дәлелі мынау: «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болар» деген – тіпті ескі мақал. Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Жаңа жыл күні қазақ күн райына қарай алдағы жазды рақатты, рақатсыз болады деп болжау жасайды. Қар тез кете ме, жаз жылым бола ма деп болжау жасайды. Жаңа жыл күні қазақ әдетіне әр үйде қазан-қазан көже пісіріледі. Көженің ішіне қысқы соғымның тек басы салынады. Көжеге көп сүт құйылады. Басты, шекені қарттар мүжіп, құлақты балаларға кесіп беріп, басқа жұрттар көжені талап ішеді. «Ауыз ақпан айырылмасын, қызылды уақытымен (қыс) көрсетсін, жас құтты болсын» – деп бата жасап тарқасады. Мағжан Жұмабаев

Жас өнерпаздардың жеңісі

Күні кеше Алматы қаласында балалар мен жасөспірімдер арасында «Сал домбыра» атты республикалық байқау болып өтті. Еліміздің түкпір-түкпірінен 214 қатысушы бақ сынаған өнер додасында Ақтоғай ауданы балалар өнер мектебінің «Әуен»

Нұрахмет жұлделі бірінші орындарды иеленді.

– «Әуен» ансамблін 2016 жылы құрдық. Осы жаңа құраммен 2020 жылы жұмыс істей бастадық, содан бері олар бірнеше ірі жарыстарға қатысты. Және



балалар ансамблі бас жүлдені жеңіп алды. Ән мен жыр қонған құт мекеннің өнерлі жастары, сөйтіп республикалық сайыста тағы бір мәрте аймақ атын асқақ етті. «Ансамбль» номинациясы бойынша бас жүлде бұл байқаудағы музыкалық топ мүшелерінің жалғыз жеңісі емес. 9-13 жас аралығындағы жеке орындаушылар арасында Кәусар Қанат пен Дильяра

жеңістерге жетті. Репертуарымызда алты ән бар. Ансамбль құрамындағы сегіз қыздың барлығы вокал бойынша білім алады. «Сал домбыра» сайысына біздің номинация бойынша 38 ұжым қатысты. Халық әндерінен попуриді эстрадалық нұсқада орындадық, – дейді «Әуен» тобының жетекшісі Саламат Мүбәрак.

Өз тілшімізден.



16 наурыз – Шежіре күні

Көрісу – ежелден келе жатқан қазақ дәстүрі

Ұлы дала кеңістігінде ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлер терең мағыналы. Олар елді бірлікке, тірлікке шақыратын, татулықты меңзейтін, жақсылыққа бағыт беретін, адамдардың жүрегіне тыныштық пен кешірімділік ұялататын әдет-ғұрып болып саналады.

Соның бірі – қазақ халқында қалыптасқан, 14 наурыздан бастау алатын «Көрісу күні». Қар кете бастаған, жол ашылған, көктемнің нұры төгіліп тұрған шақта ауыл-ауылдағы

аудандық өнер мектебі ұжымы тағылымды іс-шара өткізді. Ұлттық тағам түрлерінен ақ дастархан жайылып, даладай дархан пейіл халқымыздың салт-дәстүрі ұлықталды. Ақтоғай аспанында әсем ән қалықтап, қыстан аман шыққан жұртшылық арқа-жарқа көрісіп, амандық айтысты.

– Бұл мерекенің тағы бір ерекшелігі, ол бір күнмен шектеліп қалмайды, мүмкіндігінше жыл бойы жалғаса береді. Жалпы, бұл дәстүр-мереке ерте заманнан



ағайын, жерлестер ерте тұрып, таң атысымен жасы үлкендерге сәлем береді. Көршілер, жақындар бір-біріне «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деп те тілек, ниет білдіріп жатады.

Атаулы күнді аудан жұрты ерекше сән-салтанатымен атап өтті. Көрісу күніне орай Ақтоғай аудандық орталық кітапхана жүйесі флешбаттл ұйымдастырса,

халқымызда болған, бірақ өткен ғасырда, Кенес кезінде Наурыз мерекесі сияқты тыйым салынуы себебінен ұмытылған салттардың бірі. Еліміз егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін өлгеніміз тіріліп, жоғалған салттарымыз қайта жанданып келеді, – дейді З.Сәтекова орталық кітапханада өткен іс-шара жайында сұрағанымызда.

Өз тілшімізден.

«Аққыз» бөбекжайындағы Наурыз мерекесінен көрініс





Ұлыс күні, төрлет, далама!

«Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын иш». «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда». «Келіні жақсы үйдің керегесі – алтын». Осы сөздердің төркінінде терең мән жатыр. Өйткені, шаңырақтың беріктігі, отбасындағы ынтымақ, бардың бағасын білу, салиқалы ұрпақ тәрбиелеу – бәрі ардақты аналардың, ибалы келіндердің бойындағы асыл қасиеттерімен астасып жатса

бойынша сайысқа түсіп, білім мен біліктерін, өнерлерін ортаға салды. Ең алдымен, «Сәлем – сөздің анасы» тақырыбында үміткерлер өздерін таныстырып өтті. Мұнан соң, «Жақсы әйел – үй дәулеті» бөлімінде қатысушылар өнерлі екенін көрсетіп, бірі қолөнер бұйымдарын ұсынып, енді бірі ас әзірлеу шеберлігін көрсетіп, жиялған көпшіліктің, әділқазылардың

келіні Нұржүз Балтабек бас жүлдені жеңіп алды. Ал, I орынды Сәуле ауылынан қатысқан Перизат Төлеуова, II орынды Қызыларай ауылынан қатысқан Құралай Болатбек, III орынды Келжек ауылынан келген Бекзат Бейжанова иеленді. Жеңімпаздарға ұйымдастырушылар тарапынан дайындалған Алғыс хаттар мен түрлі дәрежедегі дипломдар табыс етіліп, бағалы сыйлықтар үлестірілді.

Барыс жылы туралы деректер


Халықтық наным бойынша Барыс жылының жақсылығы да, ауыртпалығы да аралас жыл болады. Бұрындары Барыс жылы есте қалатын елеулі оқиғалар болмағандықтан, біздің халық оны жайсыз жыл санамаған, жақсылығын көбірек күткен, ол туралы жаман сөз айтпаған екен. Жылды өзінің «иесімен» салыстыра қарасақ, Барыс қайсар, текті, жасқануды білмейтін батылдығымен ерекшеленеді, яғни алдағы жыл Барыс мінезді қайсар, тақті, жасқануды білмейтін қазақ халқы үшін де ырыстың, жақсылықтың жылы болады деп үміттенеміз.

Жыл санауы бойынша кіретін 2022 жыл – Барыс жылы. Шығыс күнтізбесінде барыс жылы негізі 2022 жылдың 1 ақпанында кіреді. Халқымыздың жорамалында бұл жылы күрделі бетбұрыстар алдындағы тыныштық жылы деп саналған.

Барыстың табиғи белгісі – ағаш. Содан болар, барыс жылында туғандар қажырлы өрі мықты, жомарт болып келеді. Ал, кемшілігі – өзімшілдігі мен тынымсыздығы.

Барыс – сиыр жылынан кейін, қоян жылынан бұрын кіретін мүшел есебінің үшінші жылы. Орталық Азия халықтарының күнтізбелерінде қолданылады. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде Барыс жылын жолбарыс жылы деп те атайды. Барыс сақтардың ұғымында қасиетті аң болған.

Барыс жылы туғандар еңбек-қорлығы мен адалдығы және жауапкершілігі үшін барлық салада табысқа қол жеткізеді. Махаббатта, бизнесте және отбасы мәселесінде жолы болады. Жаңа жылдың басында-ақ, өткен жылдан қалған барлық мәселелерді шешіп, жаңа жоспарларды жүзеге асыруға дайын болады.



«Жақсы келін – ырысың»



көңілінен шығуға мейлінше тырысты. Сондай-ақ, ұлттық тағамдардың ішіндегі ұмытылып бара жатқан немесе мүлде ұмыт қалған түрлерін әзірлеп, қазыларға ұсынды. Байқаудың үшінші кезеңі бойынша келіндер баланы бесікке бөлеудің қыр-сырын көрсетіп,

– Бүгінгі байқаудың өзіндік ерекшелігі мол. Себебі, қазақ халқы қашаннан отбасының беріктігіне, мызғымас бірлігіне ерекше мән берген. «Мемлекетті отбасы құрайды» десек, осы шаңырақтың алтын діңгегі, ұйытқысы әйелдер қауымы. Ұйымдастырылып отырған шараның мақсаты – қазақтың келіндері қандай болған, қандай болуы керектігін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру. Шаңырақтың шайқалмауын насихаттап, ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты келіннің орнын, отбасының ұйытқысы екендігін ұғындыру. Өнегелі,

керек.

«2022 жыл – Балалар жылы» аясында және Ұлыстың ұлы күні – әз-Наурыз мерекесіне орай «Жақсы келін – ырысың-2022» атты аудандық келіндер байқауы өтті. Шараны аудандық мәдени-бос уақыт өткізу орталығы ұйымдастырған. Байқауға аудандағы он саусағынан өнер тамған, салт-дәстүрлерді бойына жиып өскен, инабатты, ибалы 7 үміткер қатысты. Жастарды ұлтжандылыққа баулып, ата-бабамыздан қалған бай мұрамызды жаңғырту, зерделі, тәрбиелі ұрпақ қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған шараға аудан тұрғындары куә болды.

Байқау әніш Бұлбұл Мақионованың орындауындағы «Пай-пай, шіркін, қазақтың келіндері-ай» атты әуезді әнімен ашылды. Мың бұралған бишілер кеш шырайын кіргізді.

Байқауда аудандық «Ардагерлер» ансамблінің жетекшісі Қарлығаш Малыбаева, аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Қарлығаш Абдрахманова, аудандық «Ақтоғай ажары» газетінің редакторы Гүлнар Елеусізова және аудандық орталықтандырылған кітапхана директоры Зәмзәгүл Сәтекова келіндердің өнеріне баға беріп, қазылық етті. Сайыс барысында қатысушылар өз ауылының мақтаулы келіні екенін дәлелдеп, жеңімпаз атану үшін 5 кезең



«Бесік жыры» айтты. Бұл кезеңде үміткерлердің ептілігі, аналық мейірімі, балаға деген жауапкершілігі көрініп тұрды.

«Әйел – үйдің қазығы» сайысында келіндер отбасы құндылықтары, салт-дәстүр, ат қою рәсімі, басқа да тұрмыстық салт, жөн-жоралғы, ата-енені құрметтеу сынды сұрақтарға жауап берді. Соңғы кезең – «Келін көркі – өнер» бөлімінде байқауға қатысушылардың шығармашылық қабілеті, көркемөз оқу шеберлігі сынга түсті.


Қатысушылар әр кезеңде тапқырлығы мен біліктілігіне, көрсеткен өнеріне қарай әділ бағасын алып, марапат төрінен көрінді. Нәтижесінде, Қуаныш ауылының

ибалы қалымен ата-енеге аянбай қызмет жасап, баланың бағбаны болып жүрген тәрбиелі келіндерді көпке үлгі ету. Наурыз мерекесі қарсаңында өтіп жатқан айтулы шара қазақ келіндерінің мәртебесін көтеріп, абыройын одан әрі биіктете түседі деп сенеміз, – дейді аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Қарлығаш Абдрахманова.

Айтпа кету керек, жиялған жұрттың қошеметі мен ыстық ықыласына қарап, шараның жоғары деңгейде өткенін байқадық. Үлкендер инабатты келіндердің сабырлы қалтына, өнеріне тәнті болып, ақ батасын берсе, жастар жағзы қазақы келіннің бойында болу керек асыл қасиеттердің бәрін ойына түйді.

Думан ҚАБЫЛ.

Наурызнама – шат-шадыман, ойын-сауық. Тойда ат жарыс, балуан күрес, басқа да спорт сайысы, айтыс, түрлі ойындар өткізіледі, көңілді жұлбақтар, ән, өлеңдер, наурыз жырлары айтылады. Наурызнамада қыздар жиналып бае қосып, ұйқықиар әзірлейді. Ол ет, уыз сияқты дәмді тағамдардан жасалады. Жігіттер қыз-келіншектерге сақина, сырға, айна, тарақ сияқты сыйлықтар береді. Оны «селт еткізер» деп атайды. Бұл дәстүрлі сыйлықтағы айна – пәктік пен жастықтың, тарақ – әдемілік пен сұлулықтың, шиссу – бүршігін жаңа жарған жасауындай құлтырудың, жасайнай түсудің белгісі.



Наурызшешек – наурыз айында өсетін жапырақты, түрлі-түсті гүлді, қауашақты әсем шөп. Майының дәрілік қасиеті бар. Қазақстанның таулы аймақтарында оның бірнеше түрі өседі. Наурызшешек – «Қызыл кітапқа» енген, сирек кездесетін бағалы өсімдік.

Наурызек – наурыз айында ұшып келетін көктем құсы. Қарасы шағын ғана, осы құсты шығыс елі күтіп жүреді. Оны алғаш көргендер: «Наурызегім, келдің бе?» – деп шақырып жем шашады. Наурызекті ешкім қумайды, үркітпейді.

Наурыzkөже – Наурыз тойына тән көпшілікке арналған мерекелік тағам. Оны әр үй жеті түрлі дәмнен (сүт, ет, су, тұз, тары, құрт, жеміс, т.с.с.) жасап, оған қазы, шұжық сияқты сыйлы мүшелер қосып, мерекелік құттықтауға келгендерге ықыласпен ұсынады. Наурыzkөженің дәстүрлік, мерекелік, ұлттық тағылымы өте зор.



Ақтоғай ауданы бойынша 2022 жылғы аудан әкімінің елді мекендердегі тұрғындармен тұрақты кездесуін өткізу кестесі

№	Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі	Елді мекеннің атауы	Өтетін уақыты мен орны (1 тоқсан)	Өтетін уақыты мен орны (2 тоқсан)	Өтетін уақыты мен орны (3 тоқсан)	Өтетін уақыты мен орны	Өтетін уақыты мен орны (4 тоқсан)
1	Айыртас ауылдық округі	Айыртас елді мекені	24.03.2022 ж. Клуб үйі 11.00	26.05.2022 ж. Клуб үйі 11.00	25.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00		24.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
2	Қусак ауылдық округі	Қошқар елді мекені	24.03.2022 ж. Клуб үйі 16.00	26.05.2022 ж. Клуб үйі 16.00	25.08.2022 ж. Клуб үйі 16.00		24.11.2022 ж. Клуб үйі 16.00
3	Абай ауылдық округі	Абай елді мекені		27.05.2022 ж. Клуб үйі 11.00			25.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
4	Қарабұлақ ауылдық округі	Дуанши елді мекені	25.03.2022 ж. Елді мекен 11.00			26.08.2022 ж. Елді мекен 11.00	
		Қарасу елді мекені		27.05.2022 ж. Елді мекен 16.00			
		Нарманбет елді мекені			26.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00		25.11.2022 ж. Елді мекен 11.00
5	Ортадересін ауылдық округі	Ст. Ортадересін елді мекені		18.05.2022 ж. Елді мекен 11.00			
		Ақжайдақ елді мекені	02.03.2022 ж. Елді мекен 15.00				16.11.2022 ж. Елді мекен 11.00
		Ортадересін елді мекені			17.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00		
6	Шашубай кенті	Шашубай кенті	17.03.2022 ж. Клуб үйі 16.00	18.05.2022 ж. Клуб үйі 16.00	17.08.2022 ж. Клуб үйі 16.00	05.10.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
7	Тораңғалық ауылдық округі	Тораңғалық елді мекені	17.03.2022 ж. Клуб үйі 11.00	19.05.2022 ж. Клуб үйі 11.00	18.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00		17.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
8	Тасарал ауылдық округі	Тасарал елді мекені	18.03.2022 ж. Клуб үйі 11.00	19.05.2022 ж. Клуб үйі 16.00	18.08.2022 ж. Клуб үйі 16.00		17.11.2022 ж. Клуб үйі 16.00
9	Сарышаған кенті	Сарышаған кенті	18.03.2022 ж. Клуб үйі 16.00	20.05.2022 ж. Клуб үйі 11.00	19.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00		18.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
10	Қараменде би ауылдық округі	Ақтас елді мекені		23.05.2022 ж. Клуб үйі 11.00			21.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
11	Нүркен ауылдық округі	Қуаныш елді мекені	28.03.2022 ж. Клуб үйі 11.00			22.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
		Қаратал елді мекені	29.03.2022 ж. Мектеп залы 11.00				
		Ақсенгір елді мекені		25.05.2022 ж. Елді мекен 10.00			
		Жидебай елді мекені		25.05.2022 ж. Елді мекен 12.00			
		Жалантөс елді мекені			24.08.2022 ж. Мектеп залы 11.00		
12	Сарытерек ауылдық округі	Нүркен елді мекені					23.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
		Жетімшоқы елді мекені	29.03.2022 ж. Елді мекен 16.00				
		Ақтұмсық елді мекені		25.05.2022 ж. Елді мекен 16.00			
		Кенелі елді мекені			24.08.2022 ж. Елді мекен 16.00		
13	Кежек ауылдық округі	Сарытерек елді мекені					23.11.2022 ж. Клуб үйі 16.00
		Ақши елді мекені	31.03.2022 ж. Клуб үйі 11.00	24.05.2022 ж. Клуб үйі 11.00	23.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00		22.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
14	Жидебай ауылдық округі	Жаланап елді мекені		24.05.2022 ж. Клуб үйі 16.00			
		Қарақой елді мекені			23.08.2022 ж. Мектеп залы 16.00		
		Үшарал елді мекені	31.03.2022 ж. Клуб үйі 16.00				
		Сауле елді мекені					22.11.2022 ж. Клуб үйі 16.00
15	Шабанбай би ауылдық округі	Шабанбай би елді мекені					30.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
		Сона елді мекені		31.05.2022 ж. Мектеп залы 11.00			
		Қасабай елді мекені			27.08.2022 ж. Елді мекен 11.00		
		Бөгазы елді мекені	30.03.2022 ж. Елді мекен 11.00				
16	Қызылжар ауылдық округі	Ақжарық елді мекені	30.03.2022 ж. Клуб үйі 16.00	31.05.2022 ж. Клуб үйі 16.00	27.08.2022 ж. Клуб үйі 16.00		30.11.2022 ж. Клуб үйі 16.00
17	Ақтоғай ауылы	Ақтоғай ауылы	05.03.2022 ж. Мәдениет үйі 16.00	30.05.2022 ж. Мәдениет үйі 11.00	31.08.2022 ж. Мәдениет үйі 11.00	13.10.2022 ж. Мәдениет үйі 11.00	

Ақтоғай ауданы әкімі аппараты.

Ақтоғай ауданы бойынша 2022 жылғы кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің елді мекен тұрғындарымен тұрақты кездесуін өткізу кестесі

№	Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі	Елді мекеннің атауы	Өтетін уақыты мен орны (1 тоқсан)	Өтетін уақыты мен орны (2 тоқсан)	Өтетін уақыты мен орны (3 тоқсан)	Өтетін уақыты мен орны	Өтетін уақыты мен орны (4 тоқсан)
1	Айыртас ауылдық округі әкімі Бакиров Қанат Санатұлы	Айыртас елді мекені	15.03.2022 ж. Клуб үйі 11.00	17.05.2022ж. Клуб үйі 11.00	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00		15.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
2	Қусак ауылдық округі әкімі Мұқатай Дархан Серікұлы	Қошқар елді мекені	15.03.2022 ж. Клуб үйі 11.00	17.05.2022ж. Клуб үйі 11.00	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00		15.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
3	Абай ауылдық округі әкімі Тұрғанбеков Қайыржан Бауыржанұлы	Абай елді мекені		17.05.2022ж. Клуб үйі 11.00			15.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
4	Қарабұлақ ауылдық округі әкімі Имангазин Асқар	Ақшкөл елді мекені	15.03.2022 ж. Елді мекен 11.00			16.08.2022 ж. Елді мекен 11.00	
		Дуанши елді мекені	15.03.2022 ж. Елді мекен 11.00				
		Қарасу елді мекені		17.05.2022ж. Елді мекен 11.00			
5	Ортадересін ауылдық округінің әкімі Қыркыров Сейітқали Бейсембаевич	Нарманбет елді мекені			16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00		15.11.2022 ж. Елді мекен 11.00
		Ст. Ортадересін елді мекені		17.05.2022ж. Елді мекен 11.00			
		Ақжайдақ елді мекені	01.03.2022 ж. Елді мекен 11.00				15.11.2022 ж. Елді мекен 11.00
6	Шашубай кентінің әкімі Серіков Данияр Базарбекұлы	Шашубай кенті	15.03.2022 ж. Клуб үйі 11.00	17.05.2022ж. Клуб үйі 11.00	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	03.10.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
7	Тораңғалық ауылдық округінің әкімі Боран Ардақ Серікұлы	Тораңғалық елді мекені	15.03.2022 ж. Клуб үйі 11.00	17.05.2022ж. Клуб үйі 11.00	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00		15.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
8	Тасарал ауылдық округінің әкімі Сейтов Нұржан Саулебайұлы	Тасарал елді мекені	15.03.2022 ж. Клуб үйі 11.00	17.05.2022ж. Клуб үйі 11.00	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00		15.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
9	Сарышаған кентінің әкімі Тоимбеков Ануар Сүлейманович	Сарышаған кенті	15.03.2022 ж. Клуб үйі 11.00	17.05.2022ж. Клуб үйі 11.00	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00		15.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
10	Қараменде би ауылдық округі әкімі Азирова Қайрат Азирұлы	Ақтас елді мекені		17.05.2022ж. Клуб үйі 11.00			15.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
		Қуаныш елді мекені	15.03.2022 ж. Клуб үйі 11.00			16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
11	Нүркен ауылдық округінің әкімі Құдайбергенов Жантемір Есбергеноұлы	Қаратал елді мекені	15.03.2022 ж. Мектеп залы 11.00				
		Ақсенгір елді мекені		17.05.2022ж. Елді мекен 10.00			
		Жидебай елді мекені		17.05.2022ж. Елді мекен 12.00			
		Жалантөс елді мекені			16.08.2022 ж. Мектеп залы 11.00		
		Нүркен елді мекені					15.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
12	Сарытерек ауылдық округінің әкімі Серкебаев Қанат Рахметоллаұлы	Жетімшоқы елді мекені	15.03.2022 ж. Елді мекен 11.00				
		Ақтұмсық елді мекені		17.05.2022ж. Елді мекен 11.00			
		Кенелі елді мекені			16.08.2022 ж. Елді мекен 11.00		
		Сарытерек елді мекені					15.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
13	Кежек ауылдық округінің әкімі Мәкенбаев Мейірбек Әзімханұлы	Ақши елді мекені	15.03.2022 ж. Клуб үйі 11.00	17.05.2022ж. Клуб үйі 11.00	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00		15.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
14	Жидебай ауылдық округінің әкімі Төленбеков Марат	Жаланап елді мекені		17.05.2022ж. Клуб үйі 11.00			
		Қарақой елді мекені			16.08.2022 ж. Мектеп залы 11.00		
		Үшарал елді мекені	15.03.2022 ж. Клуб үйі 11.00				
		Сауле елді мекені					15.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
15	Шабанбай би ауылдық округінің әкімі Құдашбаев Жарқын Зейноллаұлы	Шабанбай би елді мекені					15.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
		Сона елді мекені		17.05.2022ж. Мектеп залы 11.00			
		Қасабай елді мекені			16.08.2022 ж. Елді мекен 11.00		
16	Қызылжар ауылдық округінің әкімі Спанов Серікбол Армияұлы	Бөгазы елді мекені	15.03.2022 ж. Елді мекен 11.00				
		Ақжарық елді мекені	15.03.2022 ж. Клуб үйі 11.00	17.05.2022ж. Клуб үйі 11.00	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00		15.11.2022 ж. Клуб үйі 11.00
17	Ақтоғай ауылының әкімі Болғанбаев Қайыр Нығметоллаұлы	Ақтоғай ауылы	04.03.2022 ж. Мәдениет үйі 15.00	17.05.2022ж. Мәдениет үйі 11.00	16.08.2022 ж. Мәдениет үйі 11.00	04.10.2022 ж. Мәдениет үйі 11.00	

Ақтоғай ауданы әкімі аппараты.

Ақпараттық хабарлама

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдігіне үміткерлердің назарына!

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдық округ әкімдерінің кезекті сайлауына қатысатын үміткерлерге «Aqtogai aяru» газетінің бетінде баспасөзден орын беру төлемінің мөлшері, шарттары жайлы ақпарат.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 28-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихат депутаттарының, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округ әкімдерінің кезекті сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 21 қазандағы №439 Жарлығына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары сайлау комиссияларының ақпараттық материалдарын орналастыру үшін және тіркелген кандидаттарға және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға сайлауалды бағдарламаларын, өмірбаянын жариялау үшін шарттық негізде баспа алаңын ұсынады. «Aqtogai aяru» газетінде баспа алаңының 1 шаршы сантиметр құны 250 теңгені құрайтынын хабарлайды. Газет алаңында материалдар беру үшін үміткерлер, газет редакциясымен жасалынған жазбаша шарттың негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдігіне үміткерлер сайлау алдындағы үгітті қамтитын материалдарда қаржыландыру көзі туралы ақпарат көрсетілуі тиіс екенін ескертеміз.

«Aqtogai aяru» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы.

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының ШЕШІМІ №4

Ақтоғай селосы 11 наурыз 2022 жыл

Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылдық округі әкімін сайлау бойынша сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылдық округі әкімін сайлау бойынша Шабанбай би ауылдық округінің шекарасында Шабанбай би сайлау округі құрылсын.
2. Аудандық сайлау комиссиясының осы шешімі Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық газетте жариялансын.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Н.Сейлханов.
Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының хатшысы Т.Зияда.

РЕШЕНИЕ №4

Актогайской районной избирательной комиссии Карагандинской области

с.Актогай 11 марта 2022 года

Об образовании избирательного округа по выборам акима Шабанбайбийского сельского округа Актогайского района

В соответствии с подпунктом 6) статьи 14, пунктом 4 статьи 21, статьей 22 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Актогайская районная избирательная комиссия РЕШИЛА:

1. Образовать избирательный округ по выборам акима Шабанбайбийского сельского округа Актогайского района в границах Шабанбайбийского сельского округа.
2. Опубликовать данное решение районной избирательной комиссии в районной газете и на интернет-странице Актогайской районной избирательной комиссии.

Заместитель председателя районной избирательной комиссии Н.Сейлханов .
Секретарь районной избирательной комиссии Т.Зияда.

Қарағанды облысының Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының

ШЕШІМІ №5

Ақтоғай селосы 11 наурыз 2022 жыл

Ақтоғай ауданы бойынша ауылдық округ, ауыл және кент әкімдерінің сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 113-1 бабына сәйкес, Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ақтоғай ауданы бойынша Шабанбай би ауылдық округінің әкіміне 2022 жылдың 10 сәуіріне сайлау тағайындалсын.
2. 2022 жылдың 10 сәуіріне тағайындалған Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылдық округі әкімі сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнгізбелік жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.
 - Әкімдікке үміткерлерді ұсыну 2022 жылдың 12 наурызында басталып, 2022 жылдың 25 наурызында 18.00-де аяқталады.
 - Әкімдікке үміткерлерді тіркеу 2022 жылдың 30 наурызында 18.00-де аяқталады.

Осы шешім Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының веб-сайтында және аудандық газетке жариялансын.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Н.Сейлханов.
Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының хатшысы Т.Зияда.

РЕШЕНИЕ №5 Актогайской районной избирательной комиссии

Карагандинской области

с. Актогай 11 марта 2022 года

О назначении выборов акимов сельских округов, сел и поселков Актогайского района

В соответствии со статьей 113-1 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Актогайская районная избирательная комиссия РЕШИЛА:

1. Назначить на 10 апреля 2022 года в Актогайском районе выборы акима Шабанбайбийского сельского округа.
2. Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выбора акима Шабанбайбийского сельского округа Актогайского района, назначенных на 10 апреля 2022 года. (прилагается)
 - Выдвижение кандидатов в акимы начинается с 12 марта 2022 года и заканчивается в 18.00 часов 25 марта 2022 г.;
 - регистрация кандидатов в акимы заканчивается в 18.00 часов 30 марта 2022 г.
3. Опубликовать настоящее решение на интернет-странице Актогайской районной избирательной комиссии и в районной газете.

Заместитель председателя Актогайской районной избирательной комиссии Н.Сейлханов.
Секретарь Актогайской районной избирательной комиссии Т.Зияда.

Ақтоғай ауданы әкімінің 2020 жылғы 5 маусымы №01 шешіміне қосымша

Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылдық округі сайлау учаскелерінің шекаралары

№ 455 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы - Шабанбай би ауылдық округі, Шабанбай би ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 6А. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Шабанбай би ауылы бойынша Ә.Бөкейхан көшесіндегі № 3, 3А, 4, 4А, 6, 7, 8, 14, 18, 19 үйлер, Аққыз көшесіндегі № 1, 2, 4, 5, 7, 9, 10, 11, 13, 15, 16, 18, 25 үйлер, М.Егінбаев көшесіндегі № 1, 1Б, 2, 3, 3Б, 5, 6, 7 үйлер, Жалаңтөс көшесіндегі № 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 12, 14, 15, 16, 18, 19, 23 үйлер, Д.Қалиев көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12 үйлер, М.Құдабаев көшесіндегі № 3, 4, 5, 7, 8 үйлер, С.Мұқанов көшесіндегі № 1, 2, 3, 5, 6, 7, 11, 12, 16, 19, 30 үйлер, С.Шомақбаев көшесіндегі № 2, 3, 9, 11, 12, 14, 16, 17, 20, 33 үйлер, Ш.Шорин көшесіндегі № 1, 3, 5, 6, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 16, 19, 20, 23 үйлер.

№ 456 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы - Шабанбай би ауылдық округі, Өндіріс ауылы, Қасабай көшесі, 10. Мектеп ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Өндіріс ауылы бойынша Қасабай көшесіндегі № 1, 2, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 12, 19, 30 үйлер және Кепелі, Шоқпартас, Қарағандыөзек, Молдәшілік, Ақсай, Аққора қыстақтары.

№ 457 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы - Шабанбай би ауылдық округі, Бегазы ауылы, Қаратал көшесі, 1. Медициналық пункт.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Бегазы ауылы бойынша Қаратал көшесіндегі № 2, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 26 үйлер және Қаратал, Қарашоқы, Қызылжар, Жінішке, Қаражал, Серікбай, Айыртас, Монша, Ақөлке қыстақтары.

№ 458 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы - Шабанбай би ауылдық округі, Сона ауылы, Құлжа көшесі, 1. Мектеп ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Сона ауылы бойынша Құлжа көшесіндегі № 2, 3, 4, 7, 12, 15, 20, 22 үйлер және Рақыш, Қараша, Үшқатты, Тоғызбай, Керегетас, Байсұлтан, Белтерек, Күйгенсай, Күмбет, Ақсай, Мойынқұдық қыстақтары.

Ақтоғай ауданы Шабанбай би округінің учаскелік сайлау комиссиясының құрамы мен орналасқан жері

№ 455 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы – Шабанбай би ауылдық округі, Шабанбай би ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 6А. Клуб үйі.

1. Капашова Мейрамгул Кудайбергенқызы – төрайым
 2. Дюсенбеков Сандыбай – төрайымның орынбасары
 3. Жайлаубекова Шырай Амирбаевна – хатшы
- Мүшелері:
4. Аубакиров Токтар Аубакирович
 5. Интыкбаев Мукатай

№ 456 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы – Шабанбай би ауылдық округі, Өндіріс ауылы, Қасабай көшесі, 10. Мектеп ғимараты.

1. Нукербеков Қайрат – төраға
 2. Жаров Омралы Нуралиевич – төрағаның орынбасары
 3. Турсынбаев Манарбек Серикбекович – хатшы
- Мүшелері:
4. Ануарбеков Бейбит
 5. Жунусов Омралы Амантайұлы

№ 457 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы – Шабанбай би ауылдық округі, Бегазы ауылы, Қаратал көшесі, 1. Медициналық пункт.

1. Жақұпбеков Бекзат Ильясулы – төраға
 2. Кулымжанов Нурлан Абдрашулы – төрағаның орынбасары
 3. Зарубеков Ерсин Зарубекович – хатшы
- Мүшелері:
4. Хасенова Бақыт Сардарқызы
 5. Ордабеков Азамат Газизұлы

№ 458 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы – Шабанбай би ауылдық округі, Сона ауылы, Құлжа көшесі, 1. Мектеп ғимараты.

1. Ахметов Карбек – төраға
 2. Мейрханов Хабдысалым – төрағаның орынбасары
 3. Ауесбаев Оразбек Мадениетович – хатшы
- Мүшелері:
4. Ескожин Ибрахим Хайроллаевич
 5. Жумадиллов Адил Сағатулы

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы

2022 жылдың 10 сәуір айына тағайындалған Шабанбай би ауылдық округі әкімі сайлауын ұйымдастыру және өткізу бойынша Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері туралы ХАБАРЛАМА

Р/с	Сайлау комиссиясының құрамы	Байланыс телефондары	Сайлау комиссиясының орналасқан жері
1	Адамбаев Талғат Қарибайұлы – төраға	Код 8 (71037)	100200
2	Сейлханов Носерғали Сейдығалиұлы – төрағаның орынбасары	2-11-67	Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 4
3	Зияда Тілеулес Танатқызы – хатшы	2-15-43	
4	Садуақасова Меруерт Дартайқызы – комиссия мүшесі		
5	Сейсенбаева Асем Сайлаубековна – комиссия мүшесі		
6	Каримхан Қуанышбек Оқенұлы – комиссия мүшесі		
7	Сейсекеева Мейрамгуль Сергеевна – комиссия мүшесі		

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Н.Сейлханов.
Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының хатшысы Т.Зияда.

Сыздықов Саят Қалкенұлы

Наурыз айының 9 жұлдызында ауданымыздың тумасы **Сыздықов Саят Қалкенұлы** 51 жасына қараған шағында дүниеден өтті.



Сыздықов Саят Қалкенұлы 1971 жылы 22 шілдеде Қараменде би ауылдық округі Қуаныш ауылында дүниеге келген.

1986-1989 жылдары Ақтоғай ауылындағы №14 кәсіптік-техникалық училищеде тракторист-машинист мамандығы бойынша оқып, 1989-1994 жылдары Ақмола ауыл шаруашылығы институтында оқып, агроном мамандығын алып шыққан.

Саят Сыздықов 1994-1995 жылдары есепші агроном, 1997-2000 жылдары Ақтоғай ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінде бас маман болып қызмет атқарды. 2001-2006 жылдары Қарағанды облысының жер қатынастары басқармасында жер инспекторы бөлімінің бас маманы болып, 2006-шы жылдан бастап Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінде бас маман қызметін атқарды.

Әріптесіміз Саят Қалкенұлы біздің мәңгі есімізде қалады. Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы» бөлімінің ұжымы көңіл айтады.

Адамдық акпейілімен баршаны баурап тұратын әріптесіміздің жаны жәннатта болсын.

Қуаныш Исақов, Талғат Нығметуллин, Клара Капарова, Жұлдыз Омарбекова, Жансая Ақашова, Елдар Мәкәрім, Толқын Тілеуқабыл.

Еске алу

Жидебай ауылының тумасы, аяулы анамыз, әулетіміздің көк ормандай қорғаны, қанатымен су сепкендей қамқоры, немерелерінің ардақты ақжарқын әжесі **Дәкен Рысбекқызының** 4 сәуірде фәни жалғаннан баки өмірге өткеніне бір жыл толады.



Анамыздың жарқын бейнесі күні кешегідей көз алдымызда, әрдайым сағынышпен еске алып, топырағы торқа, жаны жәннатта, тәні рахатта болсын деп, Алладан иман тілеп, рухына дұға бағыштаймыз.

Мейірімді де аяулы Анамызға жаның жәннатта, тәнің рахатта, орның пейіштің төрінде болсын деп, Алладан рақым тілейміз.

Жүзіңіз жайдары ғой сағынамыз,

Асыл ана, торығып жабығамыз.

Қасқайып отырушы ең ортамызда,

Асыл ана, өзінді сағынамыз.

Жан едің мейірімді, кешірімді,

Дұғадан қалдырмаймыз есіміңді.

Мекенің жұмақ болып, асыл Ана,

Мәңгілік тыныш қылысын бесігіңді!

Сағына еске алушылар: балалары, немерелері, шөберелері.

27-наурызда марқұм анамыздың рухына құран бағышталып, «Ақсораң» мешітінде ас беріледі. Асқа ағайын-туыс, құда-жекежат, көршілерді шақырамыз.

Еске алу

Руы – Қырғыз, Қызыларай ауылының тумасы, ардақты әке, асыл ата **Жұмаш Жүнісбековтің** тап бесіктен жер бесікке аттанғанына 40 күн толды. Біз үшін асылымыздан айырылған күн, бүгіндей бір әулеттің белін бүктірген ауыр күн. Әкеміздің орны ойсырап, көңіліміз ортайып жүр. Саулелі жанға деген сағынышты сөзбен айтып жеткізу оңай емес. Туған жұртының ғана емес, достарының, көршілерінің, барша елдің қадірлейтін қариясына айналған ардақтымыздан айырылып қалғанымызға көңіліміз сенбейді. Өзгелерден ерекшеленіп тұратын адамгершілік қасиеті, кірбің шалмас кішіпейілділігі, жан жадыратар жылы сөзі жүрегімізде мәңгілікке сақталады. Әкеміздің кіндік қаны тамған жері киелі Қызыларай ауылы, Арқаның биік нүктесі Ақсораның бауыры. 1937 жылы 19 наурызда дүниеге келген екен. Әкеміз қамшының сабындай ғұмырында ғибратты еңбекқорлығымен, айнымас сертімен, сыпайы мінезімен, адам баласына жамандық ойламайтын адалдығымен, мейірімі мол балажандығымен танылды. Жұмаш әкеміздің ақ отауының түтінін түзу түтетіп, ері түзде жүргенде, тілекші, үйге келгенде кенесші болуға жараған ардақты анамыз екеуі 7 баладан немере-шөбере сүйді. Бүкіл әулетіміздің барлығын пір тұтып, сыйлап, ақсақалға тән үлкендіктің үлгісін көрсетті. Көктем табиғатымен жымдасқан жылылығы, шексіз мейірімділігі, келешекке ақ жол тілеп, адал ниет нұсқаған әкемізді ешқашан ұмытпаймыз, оның жарқын бейнесі мәңгілік көз алдымызда қалмақ. Алладан мейір, Пайғамбардан шапағат тігей! Жаны жәннатта, тәні рахатта, ұстағаны шырақ, мінгені пырақ, мекені жұмақ болсын!



Ардақты ата, сағыныш боп барасың,

Қай балаңа болса-дағы дарасың.

«Құлыным-ау» – деп күлімдеген жүзіңмен,

Мәңгілікке жадымызда қаласың!

Қазана балаларың қамығып жүр,

Көңілге медеу таппай жабығып жүр.

Өзіңді іздеп немере-шөберелер,

Бауыр мен туған елің сағынып жүр.

Адал едің досқа да, туысқанға,

Туыс деп дайын тұрдың ту ұстауға.

Маңайыңа шуақты төгіп өттің,

Жақсылық жасаушы едің жуысқанға.

Қайтып келмес бір жүрген жылдарымыз,

Айтып келмес ажалдың құрбанымыз.

Жаратқан топырағыңды мамық етіп,

Қабыл болсын біздің дұға қылғанымыз.

Сағынышпен еске алушылар: балалары, немерелері, шөберелері.

19 наурыз күні, сағат 11.00-ден бастап «Береке» дәмханасында әкемізге қырық күндік ас беріледі. Ағайын-туыс, құда-жекежат, көрші-қолаң, замандас, дәмдес болған жамағатты шақырамыз.

22 тамыз 2021 жылы **Мұсаханова Құльмаш** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаеваға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

Еске алу

Бірімізге арқа сүйер бауыр, бірімізге асқар таудай әке, бірімізге асыл жар **Нұркен (Жәмші) ауылының** тумасы, руы – Сарым-Байдәулет **Атабаев Мәден Тасболтаұлының** өмірден өткеніне 40 күн толды. Жанұямыздың берік қорғаны, тұғырлы тірегіміз, қамқор жанның мезгілсіз өмірден өткені жүрегімізге ауыр салмақ салып кетті. Жанымыз құлазиды... Қолдан келері, артынан дұға бағыштап, қол жайып иман байлығын тілеу ғана.



Бисмиллаһ деп бастайын,

Асылық сөзді қоспайын.

Кешегі жүрген бауырымды,

Іздеусіз қалай тастайын.

Өлімі құрсын өрт екен,

Өзекке түскен дерт екен.

55 жасқа келгенде,

Аламын деген серт екен.

Ұсталар соққан сом темір,

Мойырылмастай көруші ем.

Ағайынды бауырлар,

Айырылмастай көруші ем.

Сағына еске алушылар: апасы-Қанағат, жұбайы-Сайлауқұл, балалары, бауырлары.

Қырық күндік асы 19 наурыз күні Нұркен ауылы «Нұрсай» дәмханасында 12.00-ден бастап беріледі. Ағайын-туыс, құда-жекежат, көршілерге, жора-жолдастарға, балаларының, бауырларының еңбек ұжымдарына, барша танитын жамағатқа хабарлаймыз.

Сәуле ауылы Қ.Нұржанов атындағы Тірек мектебінің ұжымы мектебіміздің көркем еңбек пәнінің мұғалімі **Ашкеева Индираға әжесі Ашкеев Төлеуқадырдың**, тазалықшы **Тойымбекова Назымгүлге** ағасы **Тойымбеков Болатбектің**, күзетші **Бейсенбаев Ерланға** анасы **Бейсенбаева Зиякүлдің** қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қараменде би ауылдық округі әкімінің аппаратының ұжымы Қараменде би ауылының тұрғындары **Сыздықов Марат**, **Ибраева Шынар**, **Сатибекова Мейіркүл**, **Сыздықова Жанар** және **Бейсенбеков Сабыр** мен **Мирасқа** бауырлары **Сыздықов Саят Қалкенұлының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Жақан Сембек Жақанұлы

2022 жылдың ақпанында 63 жасында ұлағатты ұстаз, адал жар, ардақты әке, жерлесіміз, әріптесіміз **Жақан Сембек Жақанұлы** өмірден озды.



Жақан Сембек Жақанұлы 1958 жылы 13 қыркүйекте Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Үшарал ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң, Саран

қаласындағы Абай Құнанбаев атындағы педагогикалық училищенің еңбек және сызу факультетіне түсіп, 1979 жылы бітірген. Еңбек жолын 1979 жылы Ақтоғай ауданы, Сауле ауылына қарасты Қ.Нұржанов атындағы орта мектебінде еңбек және сызу пәнінің мұғалімі болып бастаған. Жасынан талапты, білімді, өнерлі, алғыр маман, саналы өмірінде өскелең ұрпақ тәрбиелеуде аянбай еңбек етті.

Әріптестері мен шәкірттеріне білім алу жолында қолұшын беруді өзіне басты мақсат санайтын. Көп жылғы еңбегі елеусіз қалмай, «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгісімен, Қарағанды облысының білім басқармасының Құрмет грамотасы мен Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік даму жолында қол жеткізген табыстары және оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен және тағы басқа да наградалармен марапатталған. Жақан Сембек Жақанұлы Қ.Нұржанов атындағы мектебінің білім сапасын дамытуға елеулі үлес қосты. Халқына сыйлы, іскер басшы болды. Бүкіл саналы ғұмырын қоғамға мінсіз қызмет етіп, шәкірт тәрбиелеуде өлмейтұғын із қалдырған Жақан Сембек Жақанұлының өнегелі өмірі, өлшеусіз еңбегі мен жарқын бейнесі жадымызда мәңгілікке сақталмақ.

Алладан мейір, Пайғамбардан шапағат тисін. Жаныңыз жәннатта, тәніңіз рахатта, мекеніңіз жұмақ болсын.

Қ.Нұржанов атындағы мектеп ұжымы.

Еске алу

Абзал дос, аптал азамат **Жақыпбайұлы Сәт** көзі тірі болса, 60 жасқа толар еді. Тіршілігінде азаматтығымен айналасына шапағатын тигізіп, жанашыр, қамқор болған асыл достың ұрпағына өмір берсін. Құлын-тайдай тебісіп, бірге өскен қадірлі дос, абзал азаматтың жарқын болмысы, сырбаз мінезі әркезде жадымызда. Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары әмбеге аян. Талай жыл қызықты да думанды күндерді бірге өткізген құрдасымыздың орны бөлек еді. Сырымыз да, жырымыз да бір болған досымызбен арамдыдағы сыйластығымыз, әзіл-қалжыңымыз жарасқан сол бір дәуренді қимастықпен, сағынышпен еске аламыз. Досымыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Артында қалған ұрпақтарының ошақтары мәңгілік өшпесін.

Еске алушылар: сыныптастары.

Еске алу

Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылының тумасы, руы-Бораншы-Құдайберген **Сағынаев Нұраш Орынбайұлының** өмірден өткеніне бір жыл толады.



Отбасының тірегі, асыл ұлымыз, сүйікті бауырымыз, адал жар, қамқор әке Нұраштың жарқын келбеті мен ақжарқын мінезін сағына еске аламыз. Тәңірдің ісіне сабырлық танытып, нұрлы жүзін аңсаумен күн кешеріміз анық. Жатқан жері жарық, мінгені пырақ болғай деп рухына дұға тілеуден басқа қолдан келер қайран жоқ.

Мәңгілікке ерте кеттің арамдыдан,

Қамшының сабындай-ақ мына жалған.

Сағынышпен сарғайып еске аламыз,

Отбасы, туған-туыс артта қалған.

Еске алушылар: кіші әкесі – Боран, анасы – Мағиранш, жұбайы – Нүргүл, Сағынаевтар әулеті.

Наурыз айының 21-жұлдызында Қарағанды қаласы, Үштөбе ауылының «Үштөбе» мешітінде жылдық асы сағат 13.00-де беріледі. Ағайын-туыс, құда-жекежат, көршілер, жора-жолдастары мен әріптестеріне хабарлаймыз.

К.Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ-нің ұжымы мектептің физика-математика пәнінің мұғалімі **Мұрасова Гүлшараға** бауыры **Мұрасов Нұржанның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Тіл тағдыры – ұлт ғұмыры

Мемлекеттік тілге құрмет

Бүгінде мемлекеттік тіл туралы көп айтылып, көз майын тауысып, жанарын жасытып жазып жүргендер де жетеді. Өйткені, мемлекеттік тіл – аса маңызды да ең өзекті мәселе. Тіл – қазақтың жан-дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлт болмысын ұғындырып, төңірегіне жұртты топтастырушы, біріктіруші фактор. Осы орайда Бауыржан Момышұлының: «Анамның ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» деген сөзін әрбір қазақ ұғынса, біздің тіліміздің жағдайы дәл қазіргі калпынан әлдеқайда жоғары деңгейде болар еді. Сондықтан, мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі. Олай болса, тәрбие, білім, дәстүр ана тілінің арнасынан бастау алғанда ғана біздің мемлекетіміздің тұғыры қатайып, ішкі бірлігіміз нығая түспек. Қазақ тілін өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өз азаматтық міндетін атқаруға тиіс. Сонда көкейдегі күдік кетіп, сенім атты бақыт таңы бізді қарсы алады.

«Адамның жаны бар сияқты ұлттың да жаны бар, оның тілі мен жаны табиғи тығыз байланыста. Тілінен айырылған халық міндетті түрде ұлттық қасиетінен айырылады» – деген Қадір ағаның сөзі менің пікірімді қуаттай түседі. Ендігі ұстаным – қазіргі заман талабына сай ұлттың ұлт болып жалғасын тауып отырған, тұмысымыздан жанымызға сіңген тіліміздің қадір-қасиетін жеткізу, одан ой тую. Ешкімге жалтақтамай, бүгінгі бейбіт тірлігімізге, қол жеткізген Тәуелсіздігімізге, азаттық пен еркіндігіміз үшін жанын аямай алысқан мың-мыңдаған азаматтардың, қыршың жастайынан кеткен ұлттың сүйген ұландардың қайсарлығын мақтан етіп, қазақ топырағын дөп басып, емін-еркін өмір сүріп жатқан елімізде неге қазақша сөйлемеске?! Қазіргі таңда мемлекеттік тілдің қызметте жандануы – маңызды іс. Тілді білмейтін кейбір қызметкерлер бойында жетіспейтін бір кемшілікті жеңе отырып, алға жетелейтін сенімді серігі, мәңгі желбірейтін намыс туы – тілді білуге талаптануы, ынта білдіруі игі әрекет.

Мемлекеттің саясаты – тіл саясаты қағидасын тәжірибеге берік ендіру, алға басуға ұмтылу. Осы орайда Елбасымыз «Қазақстанның болашағы – мемлекеттік тілінде» деп бекер айтпаса керек. Бір мемлекетте бір мемлекеттік тіл өмір сүруі рухани тұтастыққа қол жеткізеді. Ал, рухани тұтастықтың апарар шегі – шын мәніндегі үлкен әріптестермен жазылатын ТӘУЕЛСІЗДІК.

Мемлекеттік қызметшілер тарапынан құжаттарды мемлекеттік тілде әзірлеу, мемлекеттік тілде іс-қағаздарды дайындау біліктілігін арттыру, басқармалар мен мекемелердегі аттестациялау комиссиясының құрамына мемлекеттік тілдің дамуына жауапты қызметкерлерді енгізу, қызметке орналасу кезінде үміткерлердің мемлекеттік тілді меңгергенін ескеру бүгінгі күнгі негізгі талаптар болып отыр. Мемлекеттік тілді еркін меңгерген, елдің тарихын, салтын, дәстүрін жақсы білетін, Қазақстанды Отаным деп санайтын азамат, шыққан тегі қай ұлт екеніне қарамастан, кез келген лауазымды қызметке көтеріле алуы тиіс. Сондықтан, мемлекеттік тілді өз дәрежесінде меңгеру мемлекеттік қызметкер үшін конституциялық міндет екенін айта кеткен жөн.

Тіл – халықтың жан-дүниесі, рухани негізі мен ел еркіндігін, ұлттың ұлылығын танытатын басты күш. Ұлт болмысын ұғындырып, жалпы жұртты төңірегіне топтастырушы, біріктіруші ретінде де саналады. Сондықтан, мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі деген жөн. Тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өзінің азаматтық міндетін атқарғанда ғана ол нәтижелі болатынына сенеміз. Туған тілімізді игеруге пайымды парасаттылық пен табысты табандылық таныту әр қазақ азаматының қасиетті борышы болмақ!

А.Бөгенбай,
мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімінің бас маманы.

Хабарландыру

«Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының жалпы жиналысы 06.04.2022 жылы сағат 15.00-де болады.

Күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралады:

1. Серіктестіктің несие желісін ұлғайту.

Құрылтайшылардың жалпы жиналысы Ақтоғай селосы, Ә.Бөкейхан көшесіндегі №10 ғимаратта «Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС мекемесінде өтеді. Құрылтайшылардың жиналысқа толық қатысуы сұралады. Шаруашылығын дамытуға несие аламын деген шаруа қожалықтары мына телефонға хабарласуы керек:

8 (71037) 2-18-21, 2-18-00, 8 777 540 34 71.



Құттықтаймыз!



Қадірлі құдамыз **Жанғазы Батталұлы** мерейлі 70 жасқа толып отыр. Бүгінде қызын қияға, ұлын ұяға қондырып, немерелерінің сүйікті атасы болып отырған асыл жанды мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге ақ көңілімізден шыққан ізгі тілектерімізді білдіре отырып, зор денсаулық, баянды ғұмыр, қажымас қайрат, жекемісті де жеңісті күндер тілейміз. Құдағи Бақыт екеуіңіз Алла берген ұрпақтарыңыздың қызығына кенеле беріңіздер. Әрдайым шаңырақтарыңызға шаттық ұялап, босағаларыңыздан береке кетпесін. Жүздеріңізден шуақ шашырап, ағайын-туыстың құрметіне, немере-шөберенің шу-күлкісіне бөленген әдемі де ұзақ ғұмыр кешіңіздер.

Кемел жас, туған күніңіз құтты болсын,
Қуаныш пен шаттыққа орта толсын.
Денсаулық мықты болып, ұзақ жасап,
Шаңыраққа бақыттың құсы қонсын.

Ізгі тілекпен: құда-құдағиы – Иса-Ләззат, балалары – Айғаным, Дәурен-Ақмарал, Дархан-Әсел, немерелері – Фариза, Әлімхан, Айсара.

Құттықтаймыз!

Құрметті **Сейсекеев Сергей Алдашұлы!** 63 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 63 жасқа алып жетті.



Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар. Еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік өркімнің өмірінде өркілі. Өзінің өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар қасиеттерді үкілеп келе жатқан сіздің саналы ғұмыр жолыңызды жастарға үлгі етіп, мақтан тұтамыз. Сіз өнегелі өмір сүріп, бақыттың бағында ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немере-жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалпыңызды сақтап келесіз.

Қуанышпен құттықтаймыз бүгін біз,
Өріптестің 63-ке толғанын.
Әрбір белес, әрбір асу, ол – бір із,
Қашанда да жақсылыққа сендініз.

Ізгі тілекпен: Ақтоғай аудандық ветеринариялық станциясы ұжымы.

Ақтоғай ауылы тұрғындарының назарына!

Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты 2022 жылдың 1-ші сәуірінде өткен жыл үшін бюджетке төленетін жеке тұлғалардың көлік салықтарын төлеу мерзімі аяқталатындығын ескертеді. Қолданыстағы ҚР Салық заңнамасына сәйкес аталған салықтардың уақытылы төленбеген сомасына өткізілген әр күніне өсімпұл есептеледі.

Салық төлеуден жалтаруға байланысты жайсыз жағдайға тап болмау үшін жақын күндері жеке тұлғалардың көлік салықтарын төлеуге шақырамыз.

Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты.

Сенім телефоны

«Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін **8 (71037) 2-12-65** нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Құттықтаймыз!

Қадірлі ағам **Жүмеке!**
Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!



Сізге осындай мерейлі күні шын көңілден мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Сізді өмірден тоқығаны мол аға деп білеміз. Іскерлік қабілет және үлкен азаматтық парасат сізді зор құрметке бөледі. Сіздің жаныңыз жомарт, қамқор аға ретіндегі абзал қасиеттеріңіз тәңгі етпей қоймайды. Өмірлік еңбек пен тұрмыс тәрбиесі, жеке басыңыздың кіршіксіздігі отбасыңыз үшін ғана емес, ағайын мен қатар жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ – бала-шағаңыз үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз.

60 жасың, Ағатай, болсын құтты,
Әлемдегі тілейін бар жақұтты.
Отбасыңның тірегі, жүрегі бол,
Көре берші қуанышты бар бақытты.

Ақ ниетпен: қарындасыңыз – Гүлнар.

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті де қадірлі досымыз **Сейсекеев Сергей Алдашұлы** асқаралы 63 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге отбасыңызға амандық, мықты денсаулық, қажымас күш-жігер тілейміз. Ағайын-туыстың құрметіне, қосағыңыздың үлдесі мен бүлдісіне, балаларыңыз бен немерелеріңіздің бақытты сәттеріне бөленген әдемі де ұзақ ғұмыр кешіңіз! Отанасы Бақытпен бірге қартайып, шаңырақтарыңызға әрдайым шаттық ұялап, босағаларыңыздан ырыс, құт-береке кетпесін. Шығар тауыңыз биік, көрер қызығыңыз мол болғай! Жасаған еңбектің зейнетін көріп, немерелеріңіздің ортасында ауырмай-сырқамай, ардақты ата атанып жүре беріңіз.

Жұлдыз жанып, пейіліңізге таң күліп,
Келіп қапсыз 63 жасқа сән құрып.
Қалпыңыздан айнымаңыз шат көңіл,
Басыңыздан бақ кетпесін мәңгілік.
Шыңға жеттің тағы бір кезеңді асып,
Үлкендердің қалдырған ізін басып.
Асыл жан, ардақты дос, сен аман бол,
Ортамызда жүргенің бізге нәсіп.

Ізгі ниетпен: Теңлік-Күләш, Гүлдана, Шәріп-Гүлсәния, Ергалы-Нұрған, Иса-Ләззат, Рүккіт-Марал, Жаскәдір-Алмагүл, Совет-Алмагүл, Раушан, Алтай-Тийшкүл, Нұрлан-Айгүл.

Құттықтаймыз!



Аяулы ана, адал жар **Қапарова Ажар Аманбайқызы** 50 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Кеңпейілді, жаны жұпар, жанұямызға жылу болған Анамызға он сегіз мың ғаламның жақсылығын, дүниенің шуағын, өмірдің қызығын тілейміз. Өмірдің көзге көркемдік сыйлайтын сәулеті, ал әулетіміздің дәулеті болғайсыз.

Басыңыздан бақ таймасын, шаңырағыңыздан шаттық әні үзілмесін. Денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз шуақты болсын. Әкеміз екеуіңіз ұзақ ғұмыр кешіп, ортамызда аман-есен жүре беріңіздер. Немере-шөберелеріңіз көбейіп, ұрпақтарыңыздың қызығы мен қуанышын көруге жазсын.

Орындалсын, анажан, басты арманың,
Жальдандатсын нұрыңыз жастар жаның.
Ұлы тойға ұлассын туған күнің,
Жақсылыққа жайылып дастарханың.
Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.
Жүзге жетіп, баянды ғұмыр кешіп,
Арта берсін абырой-беделіңіз.

Ігі тілекпен: балалары – Қанат-Айгерім, Мирас-Гүлмира, Айбол, Алина, жиен немерелері – Арман, Мейіржан, Мирас, Керім, Кербес. Осы тілекке әкеміз Қайыржан да қосылады.

Құттықтаймыз!



Құрметті Балабатыров Жанғазы Батталұлы! Сізді 70 жасқа толған мерейлі тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгінгі мерейтойыңызда сізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбекте тың табыстар мен өмірдің асқақ абыройын тілейміз. Ортамызда әрдайым беделіңіз өсіп, сексеннің сенгірін, тоқсанның асуын, жүздің жүзін бағындыруыңызды Алла нәсіп етсін деп тілейміз. Шаңырағыңыздың отанасы Мұхтарбекова Бақытпен бақытыңыз баянды болып, сау-саламатта жүріңіздер.

Көп алынған қатарластың бірі едім,
Саған деген сарқылмайды тілегім.

Жан-жарыңмен, балаларыңмен жарқылдап,
Жүзге дейін соға берсін жүрегің.

Ігі тілекпен: Аспандияр-Тамара, Жәнібек-Маркен.



Асыл жар, аяулы әке, камқор ата **Елеусізов Жұмасейітті** 60 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Отбасына, бала-шағасына камқор да пана, демеушіміз, арқа сүйер тірегіміз болып келеді. Сіздің мейіріміңіз бен шуақ шашқан нұрлы көзіңіздің шұғыласы бізге ерекше ыстық. Шаңырағымыздың сәні мен мәні болып жүре беріңіз.

Асыл әке, бір өзін бір әлемсің,
Дариядай тұңғықсың, тереңсің.
Бір әулеттің бәйтерегі жайқалған,
Жүрегі кең мейірансың, көркемсің.

Ігі тілекпен: жұбайы – Назгүл, балалары – Айдос-Багина, Әйкерім, немерелері – Расул, Заңғар.

**Құрметті Нұрғазы
Ғазизұлы!**

Ердің жасы – елу жас, біреуге аз, біреуге көп уақыт, қалай болғанда да, Алланың берген жасын жасап, денің сау болып, туған-туыскандардың қасында жүре бер. Туған күн құтты болсын. Ердің жасына аяқ басқан асыл азаматқа мол қажыр-қайрат, ұзақ та баянды бақыт пен шаттық, денің саулық, отбасына амандық тілейміз. Күн сайын шат-шадыман сезімдерге бөленіп, ортамызда сый-құрметке еленіп, әрбір атқан таң тек қуаныш пен шаттық әкеле берсін. Кереген кеңейіп, өрісін ұлғайтып, жастан жасқа жете бер. Елу – деген жүздің нағыз жартысы, Елу деген – даналық қой, ол анық! Оған жетсе, елжірейді әр кісі. Құттықтайды бар ағайын қол алып.

**Ақ тілекпен: ата-еңең – Серікбай-Жамал,
балдыздарың.**



Құрметті де қадірлі **Сейітбатгалұлы Жанғазы!** Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы кемел жас – 70-тің орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі кезеңге көтерілер бұл шақтың талтүс аталуы бекер емес-ау.

Міне, сен де ізімізден қуып, аман-есен жетінші асқардың шыңына қол созып отырсың. Шүкір, біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей, өткен өмір бедерлері көңіл орнықтырып, көз тойдырады.

Қуаныштысы, мерейтойыңды отбасының алтын қазығы болған жан-жарыңмен бірге бала-шағаның шаттыққа толы ортасында қарсы алып отырсың. Өсіп-өнген, ұрпақ тәрбиелеген, құда-құдағиларың мен дос-жарандарыңның ыстық ықыласына бөленген өзің тек жақсылықтар, қуаныштар мен бақытты ғұмыр тілейміз.

Еске алатын сәттер рас, көп бүгін,
Борандатқан, дауылдатқан өтті күн.
Жетпіс келіп, жайғасқанмен желкеге,
Әлі бізге баяғыша жоқ тыным.

**Ігі тілекпен: ағасы – Серікбай, жеңгесі – Жамал,
бауырлары.**

Ортамызда сыйлы болып, қадірін асқақтата білген жолдасымыз **Батталұлы Жанғазыны** 70 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңіз сау болып, ғұмырыңыз ұзақ болсын. Шаңырағыңыздан шаттық кетпей, әрқашан балаларыңыздың қызығын тамашалап, немерелеріңіздің қуанышы болып жүре беріңіз. Жетпістен де биік асқарлы шыңдарға қанатыңыз талмай өрлей түсіңіз. Құлын-тайдай тебісіп бірге өскен, қанаттанып арман-мұратқа бірге ұшқан жолдас, абзал досымыздың әлі де талай мұраттарына жетуіне тілектеспіз.

70 жас – қарттық емес, қазына жас,
Бала мен немеренің назына жас.
Біз сізге бақ тілейміз ортаймайтын,
Басыңыздан ешқашан ажырамас.

**Ігі тілекпен: жолдастары – Іңкәрбек, Бекет,
Мейрам, Қабдырақым, Санабек, Нұрланның
отбасылары.**

**Құрметті Дина
Есейқызы!**

Сізді 60 жасқа толған мерейлі жасыңызбен құттықтаймыз! Ұзақ өмір, мықты денсаулық тілейміз. Асқар белесте жүзіңіз нұрға бөленіп, айтулы арман, ізгі тілектеріңіз орындалып, әлі талай мерейтойларға аман-есен жете беруіңізге тілектеспіз. Әр күніңіз думанды болып, келешек сізге тек бақытын, шаттық шуағын сыйласын. Бала-шаға, немерелеріңіздің ортасында бақытты ғұмыр кешіп, ғасыр өже атаныңыз. Басыңызда бағыңыз еселенсін, Немерелер көбейіп, өсе берсін. Отбасының ұйытқысы – Дина апамыз, Бақытты, ұзақ ғұмыр кеше берсін!

**Ізгі тілекпен: С.Ибраев атындағы мектеп
ұжымы.**



Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті **Сейіткеев Сергей Алдашұлы!**

Өмірдің бір белесі – 63 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Әулетіміздің алтын дінгегі, қорғаны болып отырған ардақты ағамызға ұзақ өмір, баянды бақыт тілейміз. Сізге әлемдегі бар жақсы тілекті үйіп-төксең те артық емес. Алла сізге ең алдымен мықты денсаулық берсін! Балаларыңыздың қызық-қуанышын отанасы Бақытпен бірге көре беріңіз. Әрқашан жүзіңізден мейірім нышаны кетпей, немерелеріңіздің қызығын қызықтап, әулетіміздің тірегі, ұйытқысы болып, ортамызда жүзге дейін жүре беруіңізге тілектеспіз. Әрбір күн жанды жадыратар қуаныштарға толы болып, шаттық сыйласын.

Ақ түйенің қарны бүгін жарылсын,
Туған-туыс үйге бүгін ағылсын.
Ақ ниетпен тілеген ақ тілектер,
Періштенің құлағына шалынсын.
Ортамызда жүргенің бізге нәсіп,
Қамқор болмас еш адам сізден асып.
Туған-туыс, балалар аман болсын,
Жасай бер, қадірлі жан, жүзден асып!

**Тілек білдірушілер: бауырлары – Сейіт-Светлана,
Картай-Әлімаш, Еламан, жұбайы – Бақыт, балалары –
Самат-Мейрамгүл, Ернұр-Гүлзат, Науан-Эльвира және
немерелері.**



Құрметті құдамыз **Елеусізов Жұмасейітті!**

Сізді 60 жасқа толған мерейлі туған күніңізбен құттықтаймыз! Денсаулығыңыз мықты болып, өмір жасыңыз ұзақ болсын. Арайлап атқан таңдарыңыз бен шұғылалы кештеріңіз тек шаттыққа толы болып, жақындарыңыздың арасында беделіңіз өсіп, табыстан табысқа жетіп жүре беріңіз! Балаларыңыз бен немерелеріңіздің қуанышына тоймай, әрдайым туғандарыңыздың сүйіспеншілігіне бөлене беріңіз.

Құтты болсын жасыңыз мерекелі,
Өміріңіз ұзақ болып берекелі.
Деніңіз сау, жақын аман қасыңызда,
Шаттықпен толқи түссін көңіл селі!
**Ақ тілекпен: құдағыңыз – Кеңесгүл, Ерлан-Баян,
Ернар-Ақнұр, жиендері – Жігер, Райан, Хақназар.**



Құрметті **Қапарова Ажар Амангайқызы!**

Сізді, адам өмірінің бір бел белесі мерейлі 50 жасқа толуыңызбен құттықтаймыз. Бір ұжымда ұзақ жылдан бері қиындығы мен қызығы қатар жүретін бас есепші қызметін абыроймен атқарып, әріптестеріңіздің шынайы құрметі мен алғысына бөленіп келесіз. Осы күнге жеткен жетістіктеріңізбен бірге өзіңіздің қарапайым ақжарқын мінезіңізбен ортамызда көпке үлгі болып жүрсіз.

Осы қуанышты күні жұбайыңыз Қайыржан екеуіңіз немерелеріңіздің қызығын көріп, ағайын-туыспен құдаларыңыздың ортасында мерейіңіз тасып, абыройларыңыз арта берсін. Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, еңбегіңіздің жемісін көріп Алланың берген жасын жасай беріңіз.

**«Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі» КММ
ұжымы.**



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

Директор-Бас редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

**Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті
редакциясы ЖШС**

**Тіркеу күші: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан
Республикасы ақпарат және даму Министрлігі
2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы Думан КАБЫЛ

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай
ауылы, Абау көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81,
тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 бетпен асқан материалдар қабылданбайды.